ЖАСТАРҒА
ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД
ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ
КӨРСЕТУ

* ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ * ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ * ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ * ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ *
Қазақстан Республикасы, Алматы, Хан шатыр, 3. e-mail: kazzhastar@mail.ru, тел.: +7 775 919 80 99

Исх. № 30/06 04.03.21 ж.

Алматы қаласы бойынша
Ішкі мемлекеттік аудит
департаментіне

«Жастарға қолдау көрсету» Қоғамдық Қоры *(әрі қарай – Қоғамдық Қор, БСН: 150240026664)*, **«Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің** *(әрі қарай - Басқарма)* **goszakup.gov.kz** порталында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша жарияланған ***(хабарландыру нөмірі: 5357797-1, лот нөмірі: 39482019-ГС31, «Демалыс орталықтарының қызметін қамтамасыз ету)*** лотының *(әрі қарай - Лот)* қорытынды хаттамасы бойынша жеңімпаз атанған ұйымдардың құжаттарын қарау бойынша кейбір келіспейтін дәлелдерді анықтадық. Аталмыш дәлелдерді төменде жазбаша ретінде және растайтын құжаттарын осы хатқа қосымша ретінде тіркедік. Біз ұсынған дәлелдерді ескеріп, лоттың қорытынды хаттамасына түзетулер енгізіп, қорытынды хаттаманы жаңа түзетулермен шығаруды сұраймыз.

Дәлелдер:

1. ЖЕҢІМПАЗ АТАНҒАН «АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЖАСТАР САЯСАТЫН ДАМЫТУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРЫ» *(ӘРІ ҚАРАЙ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚОР) (БСН: 010340003046)* БОЙЫНША:

1-ДӘЛЕЛ:

Мемлекеттік қор **Мемлекеттік сатып алу туралы заңының 6-бабы, Мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулерге сәйкес** лотқа қатысудан шеттетілуі тиіс.

Себебі және дәлелдері:

6-бап. Мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер

1. Әлеуетті өнім беруші, егер:

1) осы әлеуетті өнім берушінің бірінші басшыларының және (немесе) осы әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жегжаттары өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болса не өткізілетін мемлекеттік сатып алуда тапсырыс берушінің немесе мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының өкілі болып табылса; - деп көрсетілген. Яғни, Мемлекеттік қордың Алматы қаласының Әділет департаментінен берілген, Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасында және тіркелген заңды тұлға, филиал немесе

жалғасы келесі бетте

өкілдік туралы анықтамасында құрылтайшылар (қатысушылар, бастамашы

азаматтар) бөлігінде "Алматы қаласы Әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (әрі – қарай – Мемлекеттік орган), БИН 960140000448. деп жазылған. Мемлекеттік қордың құрылтайшысы – тапсырыс беруші Мемлекеттік орган. Және лотты ұйымдастырушы осы Алматы қаласының Әкімдігі.

«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңның 13-бабы 5-тармағына сәйкес,

Мемлекеттік қор - мемлекеттік органдардың шешімімен құрылған, белгіленген тәртіппен мемлекеттік меншікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы берілген; қордың мақсаттары мен міндеттерін мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асыратын қор мемлекеттік қор деп танылады.

Мемлекеттік қордың мүлкі заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің қаражаты есебінен, сондай-ақ осы Заңның 35-бабында көзделген және мемлекеттік қор қызметінің мақсаттарына сай келетін басқа да көздерден құралады.

Мемлекеттік қордың жарғысының 1. Жалпы ережелер, 1.1. бөлігінде Мемлекеттік қордың Алматы қаласы Әкімінің шешімімен, Мемлекеттік қор ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған ұйым екені анық көрсетілген.

Мемлекеттік қордың Алматы қаласының Әділет департаментінен берілген, Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасында және тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтамасының көшірмесі және мемлекеттік қордың жарғысының көшірмесі хатқа қосымша ретінде тіркелді. 12 бет.

2-ДӘЛЕЛ:

Мемлекеттік қор Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген **«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының»** (*әрі қарай - Қағидалар*) 233-тармағына сәйкес аталмыш лотқа (мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарға) қатысудан шеттетілуі тиіс.

Себебі және дәлелдері:

Қағидалардың 233 – тармағына сәйкес, ұйымдастырушы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау үшін сонымен қатар мынадай өлшемшарттарды көздейді:

1) әлеуетті өнім берушімен ұсынылған жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіндегі талаптарына сәйкестігі;

2) әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының Тапсырыс беруші

жалғасы келесі бетте

сатып алатын көрсетілетін қызметтерге сәйкестігі (құрылтай құжаттарына сәйкес);

3) егжей-тегжейлі Іс-шаралар жоспарының Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізуге сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізілетін орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

4) әлеуетті өнім берушінің «Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында» болуы туралы мәліметтері.

Осы тармақтың 1) - 8) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллды есептеу конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес есептеледі.

Сонымен қатар **Қағидалардың 234 - тармағында көрсетілгендей, 233-тармақтың** 1), 2), 3) және 4) **тармақшаларында көзделген өлшемшарттардың бірі бойынша бір баллдан төмен** жинаған әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдері жалпы жиналған баллдардың санына қарамастан, **конкурсқа қатысуға жіберілмейді**.

Яғни, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген **«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (*әрі қарай - Қағидалар*) 224 – тармағына сәйкес**, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша конкурсқа жарғылық мақсаттарына сәйкес қызметін «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 5-бабында көзделген бағыттар бойынша жүзеге асыратын **үкіметтік емес ұйымдар** қатысады.

Қазақстан Республикасындағы **мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы Заңының** 1-бабы 7)-тармақшасына сәйкес, **<u>үкіметтік емес ұйым</u>** - ортақ мақсаттарға жету үшін **азаматтар және (немесе) мемлекеттік емес заңды тұлғалар** Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ерікті негізде **құрған коммерциялық емес ұйым** (саяси партияларды, кәсіптік одақтарды және діни бірлестіктерді қоспағанда).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңының 2-бабы сәйкес,

Коммерциялық емес ұйым ұғымы - Кіріс түсіру негізгі мақсаты болып табылмайтын және алынған таза кірісті қатысушылар арасында бөлмейтін заңды тұлға коммерциялық емес ұйым деп танылады.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңының 6-бабына сәйкес,

Коммерциялық емес ұйымдардың нысандары - Коммерциялық емес ұйымдар мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғам, тұтыну кооперативі, қор, діни бірлестік, қауымдастық (одақ) нысанындағы заңды

жалғасы келесі бетте

тұлғалардың бірлестігі нысанында және заң актілерінде көзделген өзге де нысанда құрылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы **«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңының** 13-бабының 5 тармағына сәйкес, **мемлекеттік органдардың шешімімен құрылған**, белгіленген тәртіппен мемлекеттік меншікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы берілген; қордың мақсаттары мен міндеттерін мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асыратын қор **мемлекеттік қор** деп танылады.

Түйін: Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген **«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (*әрі қарай - Қағидалар*) 224 – тармағына сәйкес** мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша конкурсқа **үкіметтік емес ұйымдар** қатысады.

Қазақстан Республикасындағы **мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы Заңының** 1-бабы 7)-тармақшасына сәйкес, **үкіметтік емес ұйым** - ортақ мақсаттарға жету үшін **азаматтар және (немесе) мемлекеттік емес заңды тұлғалар** Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ерікті негізде **құрған коммерциялық емес ұйым** (саяси партияларды, кәсіптік одақтарды және діни бірлестіктерді қоспағанда).

Жоғарыдағы көрсетілген заңдарға сәйкес, **«Алматы қаласындағы Жастар саясатын дамытудағы мемлекеттік қоры» - коммерциялық емес ұйымға жатады.** Ал, ортақ мақсаттарға жету үшін **азаматтар және (немесе) мемлекеттік емес заңды тұлғалардан құрылмауына байланысты – ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМ ҚАТАРЫНА ЖАТПАЙДЫ.**

Жоғарыдағы заң талаптарына қосымша дәлел ретінде, Қоғамдық Қордың 2020 жылғы 12 мамырдағы №05/21 өтінішіне жауап ретінде жазылған Қазақстан Республикасының **Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің** *(әрі – қарай - Министрлік)* және Қазақстан Республикасы **Қаржы министрлігі, Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің** *(әрі қарай – Ішкі мемлекеттік аудит комитеті)* шығыс нөмірі: 09.12.2020 күнгі КВГА-03-КВ/ЗТ-Б-2386 хаттары осы хатқа қосымша тіркелді. 6 бет.

НАЗАРҒА АЛУ ҮШІН:

"Коммерциялық емес ұйымдар туралы" 2001 жылы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 41-бабының 5-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы" 2005 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 4-1-бабының 6-1)

жалғасы келесі бетте

тармақшасына сәйкес, **Үкіметтік емес ұйымдарымен өз қызметі жөніндегі мәліметтерін ұсыну және олар туралы дерекқорды *(әрі қарай – Дерекқор базасы)* қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы заңы бар.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы **Коммерциялық емес ұйымдар туралы заңының 41-бабының 5-тармағына сәйкес,** коммерциялық емес ұйымдар өз қызметі туралы жыл сайын 31 наурызға дейін үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

Дерекқор базасы ұйымдардың қызметінің ашықтығын көрсету мақсатында құрылған.

Жоғарыда аталған Министрлік және Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің дәлел ретінде, растаушы хаттарына сәйкес Мемлекеттік қордың дерекқор базасына анық емес ақпарат ұсынған себепті Мемлекеттік қордың қызметі жайлы ақпараттар **Дерекқор базасынан алынып тасталған болатын.** Және қазіргі уақытта Мемлекеттік қордың лоттарға заңсыз қатысуы бойынша **Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті тарапынан** *(шығыс нөмірі: 09-06/5191 24.12.2020 ж. хатында көрсетілгендей)* және **Ішкі аудит комитетінен** аудиторлық шаралар жүргізіліп, тиісті шешімдер әзірленіп жатқанын мәлімдейміз.

Биылғы 2021 жылы дерекқор базасынан Мемлекеттік қордың корпоративтік қор ретінде тіркеліп тұрғанын байқадық.
Коммерциялық емес ұйымдар туралы заңының 41-бабының 1-тармағындағы талаптар осы баптың 5-тармағының 2-азат жолында көрсетілген мәліметтерге сәйкес, құрылтайшысы немесе акционері мемлекет болып табылатын коммерциялық емес акционерлік қоғамдарға, еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғаларға, саяси партиялар, діни бірлестіктер және кәсіптік одақтар түрінде құрылған қоғамдық бірлестіктерге және осы заңның 17-бабында көзделген коммерциялық емес ұйымдарға қолданылмайды.

Яғни, Мемлекеттік Қор Дерекқор базасына өз қызметінің ашықтығы үшін мәлімет берген болуы мүмкін. Алайда, **Дерекқор базасына тіркелген ұйымдардың барлығы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарға қатыса алады дегенді білдірмейді.**
Немесе Мемлекеттік қор биыл да дерекқор базасына анық емес ақпарат берген. Алдағы уақытта заң талаптарына сәйкес дерекқор базасынан алынып тасталуы тиіс.

жалғасы келесі бетте:

3-ДӘЛЕЛ:

Мемлекеттік қордың Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2019 жылғы 20 тамыздағы № 899 бұйрығына 16-қосымша **Конкурстық құжаттамаға 12-қосымшаға** сәйкес, Жобаны іске асыру нәтижелерін тиімді бағалау бойынша индикаторлардың болуы талаптары бойынша жоғары балл қойылған. Алайда, Барлық деңгейлердегі сандық және сапалық индикаторлардың, оның ішінде салым, процесс, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелер индикаторларының болуын толық қамтымайды.

Себебі және дәлелдері:

Салым және процесс индикаторлары стандартқа сәйкес толық толтырылмаған.
Мемлекеттік қор салым және процесс индикаторлары бойынша

- ✓ **ВКЛАД** – анализ вложенных трудовых ресурсов и оценка их эффективности;

- ✓ **ПРОЦЕСС** – количество мероприятий, объем израсходованных средств, количество расходного материала, количество задействованных людей, количество орг. техники, количество организованных соревнований, количество приглашенных, количество публикации;

деп жазған.

Алайда, **салым индикаторының талаптары бойынша** - өнім берушінің жобаның сапасын жақсарту бойынша қосымша іс-шаралары, техникалық сипаттамадан тыс ұйымның тарапынан көрсетілетін қосымша қызметтері, салымдары анықтап толықтап атап жазылмаған, салым индикаторлары көрсетілмеген.

Процесс индикаторының талаптары бойынша – өнім берушінің тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес жобаның қалай іске асатыны, іс-шаралардың ұйымдастырылу барысы, процесстердің жүру барысы жайлы мәліметтері анықтап толықтап атап жазылмаған, процесс индикаторлары көрсетілмеген.

- ➢ **Біз ұсынған дәлелдерді ескеріп, Мемлекеттік қордың лоттағы қорытынды хаттамасына түзетулер енгізіп, қорытынды хаттаманы жаңа түзетулермен шығаруды сұраймыз.**

1. ЕКІНШІ ОРЫНДАҒЫ ЖЕҢІМПАЗ АТАНҒАН "ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАР ФРАКЦИЯСЫ" ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ *(БСН: 170840022309)* БОЙЫНША:

1-ДӘЛЕЛ:

- «Қазақстан жастар фракциясы» қоғамдық қоры тапсырыс берушінің техникалық ерекшелік талаптарына толық сәйкес келмейді. Тапсырыс беруші техникалық сипаттама талаптары бойынша Әлеуетті өнім берушіде жоғары немесе орта-арнайы педагогикалық, психологиялық және бейінді білімі бар кемінде 100 (жүз) қызметкердің болуы қажет болатын. Алайда, осы ұйымның тіркеген қызметкерлер саны 100 адамға жетпейді. Лотқа қатысу барысында 105 адам тіркеген. Алайда растаушы құжаттарының сәйкес келуі бойынша анықтағанда, 100 адамға толмайды, кейбір қызметкерлердің білімі бойынша құжаттар талаптарға сәйкес келмейді.

Себебі және дәлелдері:
Төмендегі мамандар жоба талаптарына, бағытына, қызметі сәйкес келмейтін мамандар.

Р /с	Аты – жөні, тегі	Мамандығы	Бітірген оқу орындары, барлығы колледж
1	Қажым Ақерке Қалдыбекқызы	«Авиценна» медицина колледжінің толық курсын **«Фармация»** кәсібі, мамандығы бойынша бітіріп шықты. Біліктілік комиссиясының шешімімен **«Фармацевт»** біліктілігі.	«Авиценна»
2	Султанова Асель Сапарбекқызы	Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық колледжінің толық курсын **Электрмен қамтамассыз ету** кәсібі, мамандығы бойынша бітіріп шықты. Қорытынды аттестаттау комиссиясының шешімімен оған **техник-электрик** біліктілігі берілді	Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық колледжі
3	Усенов Жасулан Кадирбаевич	Жаркент қаржы-экономика колледжінің **«Есеп және аудит»** кәсібі мамандығы бойынша бітіріп шықты. Біліктілік комиссиясының шешімімен **«Есепші-ривизияшы** біліктілігі берілді	Жаркент қаржы – экономика колледжі
4	Сагимбаев Асет Амангельдиевич	Олимпиада резервінің мамандандырылған мектеп интернат колледжінің толық курсын «**Дене шынықтыру және спорт кәсібі»** мамандығы бойынша бітіріп шықты. Комиссия шешімімен оған «**Спорт жаттықтырушысы»** біліктілігі берілді.	Олимпиада резервінің мамандандырылған мектеп интернат колледжі
5	Темиржанов Ербол Сексенбаевич	Әлеуметтік – гуманитарлық колледжінің толық курсын **«Банк ісі»** мамандығы бойынша бітіріп шықты. Біліктілік комиссиясының шешімі бойынша оған **«Банк ісінің маманы»** біліктілігі берілді	Әлеуметтік – гуманитарлық колледж
6	Дюсембаев Темирлан Еркинович	Аталған кәсіптік лицейдің толық курсын **«Автокөліктерге техникалық**	Алматы қаласы№6

		қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану кәсібі мамандығы бойынша бітіріп шықты	кәсіптік лицей
7	Абдукаримов Сабыржан Турдиматович	ОҚ құқық және салалық технологиялар колледжінің толық курсын **«Құқықтану»** кәсібі, мамандығы бойынша бітіріп шықты.	ОҚ құқық және салалық технологиялар колледжі
8	Жумагулов Ермек маратович	Аталған колледждің толық курсын **«Қаржы»** мамандығы бойынша бітіріп шықты. Біліктілік комиссиясының шешімімен оған **«Қаржыгер»** біліктілігі берілді.	Өскемен эканомикалық қаржы колледжі
9	Зоржанова Гауһар Докторханқызы	Жетісай медицина колледжі толық курсын **«Медбикелік іс»** кәсібі, мамандығы бойынша бітіріп шықты. Біліктілік комиссиясының шешімімен оған **«Жалпы практикадағы медбике»** біліктілігі берілді.	Жетісай медицина колледжі
1 0	Әмірхан Бақытбек Жанатбекұлы	Аталған колледждің толық курсын **«Актерлік өнер»** кәсібі, мамандығы бойынша бітіріп шықты. Біліктілік комиссиясының шешімімен оған **«Сөйлеу жанрының әртісі»** біліктілігі берілді.	Ж.Елебеков атындағы Республикалық эстрада-цирк колледжі

Р/с	**Аты – жөні, тегі**	**Мамандығы**	**Университет**	**Колледж**
10	Бердібек Ағабек Дәуірбекұлы	Жалпы медицина	Ұлттық медицина университеті	
12	Солтанай Жәнібек	Жалпы медицина	Ұлттық медицина университеті	
14	Мусаев Нурбакыт Маулетханович	Жалпы медицина	Қазақстан Ресей медициналық университеті	
17	Қажым Ақерке Қалдыбекқызы	Фармация		«Авиценна»
20	Болатбеков Шокан Жумабекович	Құрылыс	Қазақ бас сәулет құрылыс академиясы	
21	Жүнісбек Ердәулет Асқарұлы	Технологиялық машиналар және жабдықтар	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті	
23	Кенжибаева Аселя Тукановна	Есеп және аудит	Әл Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті	
25	Қорганбеков Олжас Муратович	Қаржы	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	
28	Асылов Шыңғыс Нұрланұлы	Менеджмент	ШҚ мемлекеттік техникалық университеті	
32	Жапар Дінмұхамед Азатұлы	Менеджмент	Әл Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті	
35	Каликов Максат Аблахатович	эканомика	Т.Рысқұлов атындағы	

			эканомикалық университеті	
38	Усенов Жасулан Кадирбаевич	Есеп жіне аудит		Жаркент қаржы – эканомика колледжі
40	Исимбаева Махаббат Даулеткельдыевна	Стандарттау, метрология және сертификаттау	СҚ мемлекеттік университеті	
41	Бабаджанов Фархат Садыкович	Сыртқы эканомикалық қатынастар	М.Әуезов атындағы ОҚ мемлекеттік университеті	
51	Темиржанов Ербол Сексенбаевич	Банк ісі		Әлеметтік – гуманитарлы қ колледж
55	Жайлаханова Алмагүл Әмірханқызы	Органикалық заттардың химиялық биорганикасы	Алматы технологиялық университеті	
62	Азаматов Асқар Азаматұлы	Механика	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	
64	Оспанова Акнур Талғатбековна	Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	
65	Даулетова Жания Даулетовна	Құрылыс	Қазақ бас сәулет құрылыс академиясы	
67	Кабидаев Саламат Табылдиевич	Геодезия және картография	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	
69	Есенгельдина Томирис Аскаровна	Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	
70	Сыдыкжанов Толкынбек Мыктыбекович	Есеп және аудит	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	
78	Жанзаков Нурсултан Толегенович	Зоотехния	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	
84	Ағманов Нұрдәулет Елемесұлы	Технологиялар, машиналар және жабдықтар	Қазақ ұлттық аграрлық университеті	
89	Согиндиков Сакен Койлибайугли	Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы	ОҚ мемлкеттік университеті	
92	Зоржанова Гауһар Докторханқызы	Медбикелік іс		Жетісай медицина

				колледжі
99	Молдахан Орынбек Темірбекұлы	Көлік құрылысы	М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы	
100	Набибуллин Жайсан Жасуланович	Стандарттау, сертификациялау және метрология	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	
103	Тыныбеков Азат Бақытұлы	Органикалық заттардың химиялық технологиясы	Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	

Сонымен қатар, бұдан да өзге хатта аты-жөні жазылмаған мамандар да бар.

Жоғарыдағы және хатта аты-жөні жазылмаған өзге де мамандардың техникалық сипаттама талаптарына сәйкес емес деп тану себептері мен дәлелдері:

1.1. **Аталған мамандар педагогикалық, психологиялық және бейінді білімі бар мамандар санатына жатпайды.**

1.2.
- Демалыс орталықтарының жұмысы бойынша, Тапсырыс берушінің келісімімен келесі бағыттар бойынша ұйымдастыру:
- Мәдени-ағартушылық;
- Әскери-патриоттық;
- Спорттық;
- Шығармашылық;
- Зияткерлік;
- Робототехника;
- Отбасылық демалыс және отбасылық құндылықтар;
- Ерлік мектептері демалыс орталықтарының қызметтеріне сай келмейді.

Ұйым жобаға сай емес мамандық иелерін салған. Мысалы, банкер ісі, құрылыс саулет, кітапханашы т.б. мамандардың құжатын жүктеген. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сай құрылысшы мен банк ісі мамандық иелерінің дипломдары және жоғарыда көрсетілген тіркелген мамандардың білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сай келмейді.

Сондай-ақ, «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту

жалғасы келесі бетте

туралы»Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығындағы оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейіндері бойынша педагогикалық білімі бар педагогтердің болуы керек делінген.

«Педагог мәртебесі туралы»Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ 1 бабының 1)тармағында: педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам деп ашып көрсеткен.

2-ДӘЛЕЛ:

«Қазақстан жастар фракциясы» қоғамдық қорына Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2019 жылғы 20 тамыздағы № 899 бұйрығына 16-қосымша
Конкурстық құжаттамаға 12-қосымшаға сәйкес, Жобаны іске асыру нәтижелерін тиімді бағалау бойынша индикаторлардың болуы талаптары бойынша жоғары балл қойылған. Алайда, Барлық деңгейлердегі сандық және сапалық индикаторлардың, оның ішінде салым, процесс, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелер индикаторларының болуын толық қамтымайды.

Себебі және дәлелдері:
Процесс индикаторлары стандартқа сәйкес толық толтырылмаған.
Аталмыш ұйым процесс индикаторлары бойынша

Индикатор процесса или индикатор выполнения	В свою очередь Поставщик, сохраняя имидж местного исполнительного органа, будет принимать все необходимые меры для своевременного освоения бюджета.

деп жазған.
Алайда, **Процесс индикаторының талаптары бойынша** – өнім берушінің тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес жобаның қалай іске асатыны, іс-шаралардың ұйымдастырылу барысы, процесстердің жүру барысы жайлы мәліметтері анықтап толықтап атап жазылмаған, процесс индикаторлары көрсетілмеген.

- **Біз ұсынған дәлелдерді ескеріп, «Қазақстан жастар фракциясы» қоғамдық қорының лоттағы қорытынды хаттамасына түзетулер енгізіп, қорытынды хаттаманы жаңа түзетулермен шығаруды сұраймыз.**

3. «ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ БОЙЫНША (ӘРІ ҚАРАЙ – ҚОҒАМДЫҚ ҚОР) (БСН: 150240026664)

1-ДӘЛЕЛ:
Қорытынды хаттама бойынша «Жастарға қолдау көрсету» Қоғамдық Қорының жұмыс тәжірибесі бойынша тиісті балл қойылмаған. Қоғамдық Қордың әлеуметтік жобаларды іске асыру бойынша **жалпы 7 жылдық** және жергілікті Алматы қаласында 7 жылдық жұмыс тәжірибесі бар. Және олар тиісінше құжаттармен расталған. Атқарған әлеуметтік жобалардың актілері мен шот-фактуралары, және растаушы ресми хаттарының барлығы толықтай конкурстық құжаттамаға сай тіркелген.

Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы (бір өлшемшарт ғана таңдап алынады) талабы бойынша **«2» балл** қойылуы тиіс болатын. Себебі, Қоғамдық Қор Әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласындағы екі жылдан астам бес жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесі бар.

Жобаны белгілі бір аумақта (астана, республикалық маңызы бар қала, облыс аудан, қала) іске асырған жағдайда – үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі талабы бойынша **«3» балл** қойылуы тиіс болатын. Себебі, Қоғамдық Қор Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген аумақта әлеуметтік жобаларды іске асыруда бес жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар.

Себебі және дәлелдері:

ҚР Қаржы министрінің міндетін атқарушының **2019 жылғы 20 тамыздағы №899 бұйрығына 16 қосымша, конкурстық құжаттамаға 12-қосымшаға сәйкес**, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелері болып табылады. Тиісті өңірде жұмыс тәжірибесін растау үшін Тапсырыс берушінің ресми хаты қосымша беріледі. Осы 12-қосымшаға сәйкес, **Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі - Әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласындағы тәжірибесіне қарай бағаланады.** Және Жобаны белгілі бір аумақта (астана, республикалық маңызы бар қала, облыс аудан, қала) іске асырған жағдайда – үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі саналады.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы

жалғасы келесі бетте

15 тамыздағы № 19 бұйрығына сәйкес **Әлеуметтік жоба - әлеуметтік мәні бар салалардағы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған, бір жыл ішінде және үш жылға дейін іске асырылатын ұйымдастырушылық, экономикалық және техникалық шаралардың жиынтығы.**

- **Біз ұсынған дәлелдерді ескеріп, «Жастарға қолдау көрсету» Қоғамдық Қорының лоттағы қорытынды хаттамасына түзетулер енгізіп, қорытынды хаттаманы жаңа түзетулермен шығаруды сұраймыз.**

Қосымша: 19 бет (анықтамалар мен ресми хаттардың көшірмелері тіркелді)

Төраға **Б.Бақыткелдіұлы**

Орын.: С. Дүйсенбаев